

№ 228 орта мектеп


Баяндама

Такырыбы: Биология пәнін оқытуда ойын элементтерін қолданудың маңызы



Дайындаған: **Курганова Нагима Батировна**





**«Ойын арқылы адам әлемді таниды,
біліктілікті игереді, білім алады»**

А.Науменко

Қоғамымыздың қазіргі даму кезеңі мектептегі білім беру жүйесінің алдына оқыту үрдісін технологияландыру мәселесін қойып отыр.

Оқытудың әр түрлі технологиялары жасалып, білім беру мекемелерінің тәжірибесіне енуде. Жаңа технологияны меңгеру тәрбиешінің интеллектуалдық, кәсіптік, адамгершілік, рухани, азаматтық және де басқа көптеген адами келбетінің қалыптасуына игі әсерін тигізді. Өзін-өзі дамытып, оқу-тәрбие үрдісін тиімді ұйымдастыруына көмектеседі. Жаңа технологиялар теориялық тұрғыда дәлелденіп, тәжірибеде жақсы нәтиже беріп жүр. Қызығу-танымдық іс -әрекеттің қозғаушы күші. Оқушының қызығу жәрдемімен оқып-үйрену барысында қабілеті ашылып, дарыны ұшталады, өз күшіне, мүмкіндігіне сенімі артады, кісілігі қалыптасып дара тұлғалық сипаттарға ие бола бастайды.



Танымды қызығу оқыту мен тәрбиелеу нәтижесінде қалыптасады.
Педагогикалық әдебиеттерде оны қалыптастырудың үш жағдайы туралы жиі айтылады.

1.

Оқытудың мазмұны мұндағы оқушыларды қызықтыратын мазмұнның берілу түрі, жаналығы, ғылым мен техниканың соңғы табыстары, таңдандыратын тарихи деректер, ғылыми білімнің іс жүзінде қолданылуы, бұрыннан білетін мағұлматтың жаңа қырының ашылуы.



2.

Мұғалім мен оқушы, оқушы мен оқушы арасындағы қарым-қатыныста сыйластық, ізеттілік орнатып, жүрек жылуының болуын қамтамасыз ету. Оқушы өзі ұнатпайтын мұғалімнің пәніне ешқашан қызықпайды. Оқушылар өзара сыйласа алмайтын, тәртіп жиі бұзылатын сабақтардан тезірек құтылуға тырысады

Оқушылардың таным әрекетін ұйымдастыру формалары,
құралдарын және әдістерін жетілдіру. Бұған жатанындар:

Сабақтың дәстүрлі емес түрлерін өткізу, оларда қолданылатын техникалық және көрнекі құралдардың тиімділігін арттыру

Білім тексеру мен бағалаудың алуан түрлерін ұтымды пайдалану арқылы оқытудағы кері байланысты жетілдіру

Ғылымның өмірімен, өндіріспен, техника және экологиямен байланысын ашып көрсету


Шығармашылық және зерттеу жұмыстарын белсенді қалыптастыру

Оқушылардың өздігінен істейтін жұмыстарын және өздігінен білім алуды тиімді ұйымдастыру

Проблемалық және интегративті ұстанымдарды жүзеге асыру

Пәнаралық және пәнішілік байланыстарды тудыру

Танымдық ойындар ұйымдастыру



Қызығуды туғызу үшін ойын түрлерін пайдаланыдың орны бөлек. Тиімді қолданылған ойын түрлері мұғалімнің түсіндіріп отырған материалын оқушылардың зор ынтамен тыңдап, берік меңгеруіне көмектеседі. Өйткені оқушылардың аңсары сабақтан гөрі ойынға ауынырап тұрады. Қызықты ойын түрінен кейін олар тез сергіп, тапсырманы ықыластана әрі сапалы орындайтын болады. Ойындар барлық сыныптарда қолданылады.

Ойын технология мәнді өмір жағдайаттарын үлгілеу және оның шешуін іздестіруге құрылады, жетекші әдісі – ойын. Оның ұйымдастыру түрлері:

Іскерлік
ойындар

Рөлдік
ойындар

Оқиғалық
ойындар

Саяхаттық және
білімділік ойындар





Тәуелсіз Қазақстанның әрбір білім беру саласы мен буындарына тың көзқарас, жаңа үлгідегі ізденіс қажет. Өскелен, болашағы зор жас ұрпақты қоғам талаптары мен оның мақсат, мүдделеріне сай өмір сүруге бейімдей отырып, логикалық ой тұжырымдап, таңғажайып ғылым саласына тартуда орта мектеп пен мұғалімдерінің атқаратын рөлі зор. Соның ішінде жаратылыстану саласында биология-химия пәндерінің орны ерекше.

Толассыз, үздіксіз өзгеріп тұрған әлем адамнан да қабілет пен қажеттіліктерді дамытуды талап етуде. Оқушылардың іс-әрекетін белсенді мен тиімділігін арттыру мақсатында В.Ф.Шаталов және Е.И.Пассовтың коммуникативті әдістемелерін (ойын элементтері, проблемалық оқыту, тірек сызбаларын) биология сабақтарында пайдалану өте тиімді.

Ойын –қоғам тәжірибесін қайта құруға және қабылдауға бағытталған, бір шартты жағдайдағы қызметтің түрі. Сол бойынша өзін – өзі басқарады, тәрбиелеу жетіліп қалыптасады.




Қазіргі мектептерде ойын төмендегі жағдайларда
қолданылады:


Жеке
технология
ретінде

Оқу пәнінің
бөлімін,
тақырыбын ұғып
меңгеру үшін

Кең көлемді
технология
бөлімі ретінде



Сабақ ретінде,
не болмаса оның
кезеңдері (кіріспе,
түсіндіру, бекіту,
жаттығу орындау,
бақылау)



Сыныптан
тыс жұмыстар
технологиясы т.б.



Ойын түрлері оқу кезінде сабақтарда ойын тәсілдері мен жағдайлар тудызу арқылы құрылып, оқушылардың оқуға деген қызметін ынталандырып талаптануына тәсіл ретінде қолданылады. Ойын тәсілдерін сабақ барысында қолдану төмендегі бағыттарда жүргізіледі:

*Дидактикалық
мақсат
оқушыларға
ойын түрінде
беріледі*

*Оқу материалы оның
құралдары ретінде
қолданылады, оқыту
қызметіне жарыс
ретінде кіргізіліп,
дидактикалық
тапсырмаларды
орындау ойын
қорытындысымен
байланыстырылады*

*Оқу қызметі
ойын
ережелеріне
бағынады*





Ойының осы құрылымдық элементтерінің бәрі типтік болып табылады, бірақ олардың түрлі маңызы бар және әр түрлі ойындардан түрлі ара қатынаста болады. Әрине ойының әр түріне сипаттама беруге болады, дегенімен ойының ішінде дидактикалық ойындардың білімділік, тәрбиелік, дамытушылық мәні зор. Дидактикалық ойындарды мұғалім сабақта пайдаланып, оқыту мақсатын шешеді, сондай ойындардың бірнешеуін әріптестеріме ұсынбақпын

*Мысалы: 7-сыныпта
«Жеуге жарамды
және улы
саңырауқұлақтар»
тақырыбын
қорытындылау
кезеңінде «Сиқырлы
дорба» ойының
қолдану тиімді.
Ойының шарты:
Дорба ішіндегі
саңырауқұлақтарды
бір-біріне ажыратып,
түсінік береді.*

*«Қазақстанда мекендейтін
сүтқоректілер»
тақырыбын өткенде «Аң
аулау» ойынын қолдануға
болады. Ойын тәртібі:
тақтада әр түрлі аңдардың
суреті ілініп тұрады.
Оқушылар тақтаға шығып,
таңдап суреттегі
сұрақтарға жауап береді.*

*«Бәйге» ойынын үй
тапсырмасын сұрау
барысында қолдануға
болады. Онда оқушылар
өздеріне ұпайлар
жинайды*

*«Қызыл кітап және
оган тіркелген
буынаяқты
жәндіктер»
тақырыбын өткенде
«Үндемес» ойынын
ойнатып, цифрлар
көрсету арқылы,
оларды сөзбен
дәптерлеріне
жаздыртуға болады*




«Адасқан әріптерді құрастыр» ойынын сайыстарда қолдануға болады. Әріптерді дұрыс құрастырса, жануарлардың аттарын оқуға болады: гунекру-кенгуру; зақққоиз-қоқиқаз; илікне – инелік; сіркетке – кесіртке; жырұснал – сұржылан т.б.




«Құстарды топқа бөлу» тақырыбын өткенде «Қай құстың тұмсығы» ойынын сабақты бекіту барысында пайдалануға болады.

Ойын түрлері сабақ барысында



«Өсімдіктер тарауын қорытындылау» барысында оқушыларға өсімдіктердің пайдасы туралы қосымша мәліметтер бере отырып «Көбелекті құтқару» ойынын пайдаландым.

6-сыныпта «Жемістер» тақырыбын бекіту кезінде «Жеміс-жынайық» ойыны: екі кәрзеңкіге шырғанды және құрғақ жемістерді ажыратып салу керек. «Кенгеру» ойыны: 2-3 минут ішінде Кенгерудың қалтасына бездер туралы ақпаратты жинау





Қорыта келгенде сабақтарды түрлендіріп өткізу арқылы жан-жақты дамыған терең білімі бар бәсекеге қабілетті жеке тұлғаны қалыптастыруға болады. Қазіргі заманның талабы да сол. Сондықтан ұстаздар үнемі ізденіп, шығармашылықпен жұмыс жасап, білім деңгейін үнемі жоғарлатып отыруы қажет. Сонда ғана оқушылар биология пәнінен білім мазмұнын жүйелі меңгеріп, олардың пәнге қызығушылығы арта түседі, өз бетінше оқып үйренуге дағдыланады.

Ойын үстінде оқушы іскерлік пен түрлі дағдыны меңгеріп, бекітуге, қорытынды жасауға үйренеді. Тақырып мазмұнына байланысты тарауды қорытындылағанда ойындарды пайдаланудың тиімділігі өте жоғары. Ойындағы жетістіктер оқушының сабақтарда жүйелі білім алу мүмкіндігіне маңызды әсер етеді.

«Бұлақ көрсен көзін аш» -дейді халық даналығы. Алдамыздағы бала да бұлақ тәрізді. Ізденіп көзін ашып, сенім білдірсек бала бойындағы жасырынып жатқан әртүрлі қасиеттердің мол екендігіне шүбә келтіруге болмас. Ол үшін келешек өмір тұтқасын ұстайтын бүгінгі оқушыға аянбай еңбек етіп үйретуден жалықпайық дегім келеді.

